

ЕУРАЗИЯ
ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



«Поэзиядағы
Дулат Бабатайұлы
дәстүрі және ұлттық
тұтастық идеясы»

220 жыл

халықаралық ғылыми-
тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

26 мамыр, 2022 жыл

Астана



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ ТЕЛЕРАДИО
ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС КАФЕДРАСЫ**

ХІХ ғасырдағы қазақ жазба поэзиясының негізін қалаушы,
дауылпаз ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған
**«ПОЭЗИЯДАҒЫ ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ
ҰЛТТЫҚ ТҮТАСТЫҚ ИДЕЯСЫ»**
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

(2022 жылдың 26 мамыры)

ӘОЖ 82.0
ББК 83.3 (5Каз)
П 62

Редакция алқасы:

Қамзабекұлы Д., Омаров Б., Дүйсенғазы С., Кемеңгер Қ., Байгожина Д., Саурбаева А.

XIX ғасырдағы қазақ жазба поэзиясының негізін қалаушы, дауылпаз ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары: Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 182 б., қазақ, орыс.

ISBN 978-601-337-793-3

Жинақта XIX ғасырдағы қазақ жазба поэзиясының негізін қалаушы, дауылпаз ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары қамтылған. Конференция жинағында филология, тарих, журналистика салаларын зерттеуші ғалымдар, ҚР Парламент депутаттары, жазушылар және қоғам қайраткерлері және Татарстан ғалымдарының баяндамалары бар.

Басылым ЖОО және арнайы білім беретін мекемелердің оқытушыларына, сондай-ақ, филология және журналистика салаларына қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.

Жинаққа енгізілген материалдарға автордың өзі жауапты.

ӘОЖ 82.0
КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-337-793-3

ЫБЫРАЕВ ШӘКІР

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Түркология кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ

Дулат Бабатайұлының қазақ әдебиетінің тарихынан алатын орнын зерделегенде алдымен зерттеудің екі түрлі аспектісі айшықталып шығады.

Біріншісі – кеш болса да ақын өлеңдерінің мән-маңызын тікелей мәтіндік жаратылысынан, құрылымдық жүйесінен тарата отырып, дүниетанымдық және көркемдік болмысын феноменологиялық аспектіде анықтау.

Екіншісі – әдебиеттанудағы қалыптасқан қағидаларға сай бас-аяғы тұйықталған дискретті, тұғырнамалық өлшеммен кесіп-пішілген әдіспен қарастыру.

Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында Дулат шығармашылығы осының екіншісі, үнемі даяр үлгідегі әдебиеттанудың тұғырнамалық және идеологиялық аспектісімен бірге зерттеліп келе жатыр.

Нәтижеде, зерттеушіге жақпайтын қылық – ақынға айып ретінде тағылуда. Асылы әдебиеттанудың идеологиялық ұстанымынан барынша зардап шеккен бір ақын болса, ол – Дулат.

Академик Зәки Ахметов былай деп жазды:

«Кеңес дәуірінде патша үкіметінің саясатын сынауға жол берілген кездерде Дулат шығармалары қайшылықты болынды делінсе, там тұмдап болса да, айтуға мүмкіндік туса, ал тоталитарлық жүйе отарлау саясатын сынауға, әшкерелеуге үзілді-кесілді тиым салған кездерде (мысалы, 50-ші жылдардың басында) Дулат бірыңғай «керітартпа ақын» саналды. Қазақстан Республикасы өз еркімен қосылды деген қағиданы желеу еткен кезде хандық билік бұрынғы ел билеу тәртібі, патриархалдық-феодалдық өмір салты ескірген деген тұжырым жасалды» (З.Ахметов. Асыл сөз арнасы, Алматы: «Арда», 2008. 175-б), - дейді.

Қарап отырсақ, Кеңестік дәуірдің өзінде идеологиялық ұстанымдардың құбылуына қарай біресе «қайшылықты ақын», біресе «керітартпа ақын», біресе «ескішіл ақын» аталыпты. Былайша айтқанда отырса – опак, тұрса – сопақ.

Сонда, кінарат – идеологияда емес, – Дулатта, кемшілік – зерттеушіде емес – ақында, ақиқат ақынның шығармашылық психологиясында емес – әдебиетші ғалымның ұстанымында болып шығады.

Қазақ әдебиеттану ғылымының күні бүгінге дейінгі тұғырнамасында бұл үдірісті жоқ деп айта алмаймын. Себебі, зерттеушілердің көбі өзін әлі күнге дейін ақынға билік айтатын әділ қазыдай сезінеді. Бұл да болса кешегі материалистік-идеологиялық әдебиеттануға негізделген ұстанымдардың сарқыншағы демеске лаж жоқ.

Қазіргі Еуропа әдебиеттану ғылымынан келген межесінде ең бір түйінді мәселенің бірі – зерттеуші санасының ақын санасымен диалогқа түсу мүмкіндігі. Бұл жерде белгілі бір ұстаныммен, әдебиеттанудағы қалыптасқан қағидамен, түрлі идеологиялық бұралаңдардан өткен қазіргі санамызбен диалогқа кіре алмаймыз. Себебі, ондай дүние Дулат ақында атауымен жоқ.

Бары – шынайы сыр, жан дүниенің күйзелген ахуалы, бодандықтың зардабы, өзіне де, өзгеге де сая боларлық, сүйеу боларлық рухани азық іздеу, тығырықтан шығар жол табу.

Елін сатып шен алған,
Өлекседен жем алған.
Кебеже қарын, кең өңеш,
Өлексе көрсе үнілген,
Күшігеннен кем емес,
Шенділердің қылығы.

Елге істеген былығы,
Парақор би мен ұлығы
Ұйықтасам, кіріп түсіме,
Азғын елдің ішінде
Дулат сынды сорлыда
Ұйқы, тыныштық болды ма?

Иә, енді үнсіз тілдесіп көріңіз осындай кісімен. Шыншылдық пен сыршылдық – анық, ашық. Ешқандай боямасы жоқ. Білгішсініп бірдеңе айтудың өзі қиын. Үнсіз келісесің, келісіп қана қоймайсың ақынмен қосылыпбірдеңе істегің келеді.

Ұйқы қаша бастайды. Өлеңнің эстетикалық феноменологиялық күдіреті Сізді өз шындығыңмен, болмысыңызбен, заманыңызбен бетпе-бет қалдырады. Жанашыр жанды іздейсің. Сонда Дулат жаныңнан табылады.

Дулаттың ойшыл тұлға ретінде өзін заманмен сәйкестендіруі, әлеуметтік ортамен қарама-қарсы бағытта. Сондықтан да ақын жан дүниесінде үйлесім жоқ. Екі ортадағы XX ғасыр ойшылдарының бірі – Эрих Фром айтқан «экзистенционалды дихотомияның» төріне шыққан. (Эрих Фром. Человек для себя.– Москва: Изд-во АСТ, 2020.-576). Дулаттың сәйкеспеуі көңіл қалу ғана емес, толығымен іргелі, басы бүтін қарсылыққа айналған.

Қай жағынан келсек те, қалай құйқылжытсақ та Дулат шығармашылығының өзегі – бодандықтың зардабы, бостандықтың зары, тәуелсіздігінен айрылған елдің ахуалы. Ақынның жатса да, тұрса да өзегін өртеген идеясы, дінгекті ойы осымен байланысты.

1802 жылы дүниеге келген Дулаттың барша ғұмыры отарлау саясатының бастапқы күнінен бастап, шегіне жетер жеріне дейінгі шырғалаң шындығымен бірге өтті. Болған іс көз алдында болды.

Отар елдің бишаралық күйі тұтасымен Дулаттың елдік, адамгершілік, батырлық, патриоттық адалдық, азаматтық ұғымдарымен бірлікте, соның контекстінде зерделенген. Содан болар, елдің сау тамтығы қалмаған.

Елдігің кетіп, ыдырап,
Білгені өсек, сыбырлап,
Алтын жығаң сөгіліп,
Абыройың төгіліп,
Бәріңнің де жақсы еді
Жоқ болғаның мұнан да.

Байқайсыз ба, тәуелсіздігінен айырылған ел және жоғалатын ел сиқы бір контексте. Барынан жоғы жақсы. Әрине, бұл ақын тұғырнамасы. Келісу, келіспеу оқырман еркінде. Бірақ ақынға кінә қоятын ұғым бұл емес. Себебі ақынның ақиқатында құл болып өмір сүру – мәнсіз тіршілік.

Осыдан болар ел ішінде мынасы қалай дейтіні жоқ: байы да, кедейі де, биі де, бикеші де, үлкені де, кішісі де бір қалыпқа, бодандық қамытына салынған. Ол қамыттың аты – өз еркі өзінде жоқ жүгенсізкеткен жұрт.

Қайран қазақ, қайтейін,
Мынау азған заманда
Қарасы – антқор, ханы – арам,
Батыры көксер басы аман,
Бәйбіше – тамтық, бай – сараң,
Бозбаласы – бошалаң,
Қырсыға туды қыз балаң.
Нары – жалқау кер табан,
Құсы – күйшіл, ат – шабан,

Жырғалаң жоқ, жобалаң.
Ебі кеткен ел болды,
Енді қайда мен барам?

Ел бейнесі тұтастай жинақталған. Адамы да, жануары да, тіптен күйлеген құсы да, аты да кері кеткен. «Кері тартпа» десе дегендей. Енді бір сәт аялдайық: бұл өз ырқы өзінен кеткен, ортақ мүддеден, бірліктен, ынтымағы жарасқан тірліктен айрылған ел. Ақын үшін оның елдік сиқы қалмаған Дулаттың зерделеуінде бәрі жиылып ел болудан кеткен. Отаршылық қамыты мықтап киілген.

Өлеңнің эстетикалық феноменологиялық түзілісіне қарасақ ақынның жинақтауы – субъективті ғана емес – интерсубъективті. Әсері, сезімі жай ғана сезінуден өтіп, өте шықпайтын айықпас мұң-зарға, булыққан ызаға айналған. Ел тынысынан алатын әсер көңіл күйдің төріне шығып, тұрақты мінездемеге көшкен.

Құрметті оқырман! Сіздің ұстанымыңыз бұған сәйкес келмеуі әбден мүмкін. Отаршылдыққа көндіккен психологиямен қарағанда артықтау сияқты. Бірақ бұл жағдай ақынның керітартпа, ал сіздің прогрессивті екендігіңіздің көрсеткіші бола алмайды. Ол, ол ма, сіз өз ойыңыздың қаншалықты азат екенін ақын ойымен өрелестіру барысында бағамдай аласыз. Идеологиямен былғанбаған сананың саф алтындай тазалығын сезінесіз.

Ф.М. Достоевскийдің психологиялық романдарындағы ахуалмен келіспейтіндер жетіп артылады. Тіптен жүйкесі тозғандар да бар. Алайда адам психологиясының қатпарына үңілгенде одан артық үлгіні таба қоюыңыз қиын. Сол үшін де Достоевский өз тұғырынан түспейді. Классик болғаны болған.

Дулат Бабатайұлының бодандық қамытын киген елдің сиқын сүмірейте, сорын қайната суреттеуі керітартпалық та, ескішілдік те емес, керісінше, Сіздің санаңыздың қаншалықты азат екеніне сын болатын рухани меже, ұлттық өлшем.

Атам қонған кең далам,
Мендей сені қызғанар
Бауырыңда өскен қай балаң?
Көл қорыған қызғыштай
Сен десе, салам байбалам.
Жайлауыңды көргенде
Жадыраймын, жайланам.
Өксігіңді ойласам,
Ұйқы беріп, қайғы алам.

Шиыршық атып толғанған сезімнің қайнар көзі – ел мен жер тағдыры. Сөз үлгісінде бұрынғыны аңсау бар. Аңсау – тәуелсіздікпен еншілес. Ендеше мұны Еуропа әдебиетіне кеңінен танымал тарихи инверсия құбылысы деп қабылдаймыз. Бұл ұғым әдеби үдерісте орын алып келе жатқан – өткенді айтаотырып болашақты аңсау құбылысы болып шығады.

Дулаттың «керітартпалығы» деп жүргеніміздің мәніне осы тұрғыдан қарасақ, іс жүзінде алдан күтетін тәуелсіздіктің нышаны, соны аңсау, сағыну, бостандыққа ұмтылу психологиясымен еншілес ұғым.

Дулаттың ақындық тұлғасы – қазақ әдебиетінің тарихында қайталанбайтын құбылыс. Сананың азаттығына шақыратын ұлы тұлға.